

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ТҰРАР
РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_____ **Е.Т.Кайпулдаев**
« ____ » _____ **2023ж**

**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП – ЛИЦЕЙІНДЕГІ
2022– 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА ЖЫЛДЫҚ
САРАПТАМА ТАЛДАУ**

ДТІЖО: Ғ.С. Мыкышова

**Луговой ауылы
2022/2023 оқу жылы**

2022 – 2023 оқу жылындағы Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің тәрбие жұмысына жылдық сараптама талдауы

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: Тәрбие үрдісінде интерактивті технологияларды пайдалана отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын жүзеге асыратын құзіретті, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыру».

Мақсаты: «Мәңгілік Ел» – ұлттық идеясын бойына сіңірген, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттері бар, жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Оқушыларды тәрбиелеу мақсатында оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналар, жергілікті қоғамдастықтардың күштерін біріктіру;
2. Оқу мен тәрбиені кіріктіру арқылы оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, қоғамдық адами құндылықтарды қалыптастыру.
3. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
4. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның белсенділігін жетілдіру, кішілерге үлкендердің қамқорлығы, көшбасшылық қасиет, әлеуметтік жобалар мен тәжірибені бірлесіп орындау, сындарлы бәсекелестікті үйрену, жас аралық құрмет пен қарым-қатынас, бір-біріне көмек пен қайырымдылық көрсетуге, оқушыларды қоғамға пайдалы еңбекке тартуға ықпал ету.
5. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Күтілетін нәтиже: Ойы қалыптасқан, өзіндік көзқарасы бар, жаны сұлу, батыл, іскер, тыңғылықты, Отанын сүйетін, әдет – ғұрып, салт – дәстүрін құрметтейтін, психологиялық тиімділігі қалыптасқан, өзін-өзі басқара алатын, бәсекеге қабілетті көшбасшы тұлға.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие саласы бойынша кездесетін жұмыстың түрлері:

- ❖ Норкологиялық бекет жұмысы
- ❖ Ата – аналар қоғамдық бірлестігі
- ❖ Қыздар кеңесі
- ❖ Ұлдар кеңесі
- ❖ Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстары

Мектептегі тәрбие жұмысының жүргізілу сапасы.

Оқу жылының басында атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы 2022-2023 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Мектептегі тәртіпті жақсарту мақсатында кезекшілер кеңесі құрылып бір жылғы сыныптар арасында кезекшілік кесте жасалынып жұмыстар атқарылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Тәрбие бағыттары:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу құқықтық тәрбие

Мақсаты: Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру.

2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында төмендегідей іс шаралар атқарылды .

Қыркүйек айы білім күніне арналған салтанатты жиынмен басталды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Туған елге тағзым аясында тарих пәні мұғалімі Т.Садықбековтың ұйымдастыруымен орта ғасырлық Көне Құлан

қалашығына 7-8 сыныптар арасында саяхат ұйымдастырылды. Құқықтық сана - қауымға пана жобасы аясында мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру түсіндірме жкмыстары жүргізілді.

Тарих пән бірлестігі «Қазақстанның БҰҰ -на кіруіне 30 жыл» деген тақырыпта 9-10 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Қазан айы «Жолда жүру ережесін білеміз бе? тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Заң баршаға-ортақ » пікір алмасу 9 сыныптар арасында өткізілді. «Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не?» тақырыбында ЮПТ-ң инспекторы Қ. Жунисовпен кездесу ұйымдастырылып өтті. «Қылмыс және қылмыстық жауапкершілік » тақырыбында инспектор мен психологтардың ұйымдастыруымен 10 сыныптар арасында пікір алмасу өткізілді.

Қараша айында «Саяхат» тақырыбында биология пән мұғалімдері М.Тульчиков пен У. Қадыр 5 сынып оқушыларын аудандық мұражайға және «Жас натуралистер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылыжайына саяхаттауға барды.

16 желтоқсан «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты апталық аясында мектепте барлық сыныптарда сынып сағаттары, 5-7 сыныптар арасында сурет көрмесі өткізілді, сонымен қатар кітап көрмесі, сұрақ-жауап сұхбаты, әдеби кеш, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мектеп психологы Қарабаева Айнұр 5 – 11 сыныптардан Өз құқығыңды білесің бе? деген тақырыпта сауалнама алынып нәтижелері шығарылды.

Тәуелсіздік - мәңгілік елдің тұғыры тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылып өткізілді. «Құқықтық білімнің маңызы» ЮПТ-ң инспекторымен кездесу өткізілді. Қаңтар айында «Өлкетану», «Музей күні» жобасы аясында «Менің туған ауылымның тарихы мен мәдениеті» тақырыбында өлкетанулық сабақтар өткізілді. Ақпан айында «Жауынгер-интернационалист» тақырыбында алғашқы әскери пәні жетекшілігінің ұйымдасыруымен 11 сынып оқушыларымен кездесу сабақтары өткізілді. Сәуір айында М.Маметованың туғанына 100 жыл, Т. Бигелдиновтың туғанына 100 жыл тақырыбында 5-7 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Мамыр айында алғашқы әскери пәні жетекшілігінің ұйымдасыруымен Ұлы жеңіс мерекесіне арналған «Ерлікке тағзым» апталығы, сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. 2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында төмендегідей іс шаралар атқарылды.

Қыркүйек айында «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Мектепке жол» акциясы өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» («50 кітап» жобасы) жобасы аясында мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай кітап оқуға тарту мақсатында «Үздік оқырман» байқауы ұйымдастырылып өтті. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында «А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» толуына орай қазақ тілі пәні бірлестік жетекшісі Б.Токтаганованың ұйымдастыруымен әдеби кеш өткізілді. Қазан айында 1 – қазан Қарттар күні мерекесіне орай оқушылар арасында «Мейірбандық адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» тақырыбында түрлі мамандық иесі болған еңбек ардагерлерімен «Қарттар күніне» орай ардагер қарияларға, зейнетке шыққан ұстаздарға қолғабыс жасалып, оқушылардан құралған жасақтар еріктілер тобымен бірге көмектесу жұмыстарын жүргізді. «Ұстазым ұлағатым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Ұстаздар күні мерекесіне «Ұстазым мен өзінді жырлаймын» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Зейнетке шыққан ұстаздар мерекелік кешке шақырылып, сыйлықтар беріліп, сый-құрмет көрсетілді. Қараша айында «Мамандығым мақтанашым» атты тақырыпта сыр сұхбат жүргізілді. Желтоқсан айында қазақ тілі пәнінің бірлестік жетекшісінің ұйымдастыруымен «Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Қаңтара айында қазақ тілі пәнінің мұғалімі Токтағанова Базаркүл ұйымдастыруымен «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары» аясында оқушылар арасында ақын, жазушылардың шығармаларынан мәнерлеп оқу үзінділері оқылды. 8 сыныптар арасында «Мейірбандық адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Наурыз айында мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітап оқу сәні» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында Адамға қуаныш сыйла тақырыбында көмек көрсету акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Сәуір айында «Сұлулық әлемді құтқарады» тақырыбында оқушылар арасында мазмұнды әңгімелер сағаты қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Б.Токтаганованың ұйымдастыруымен өткізілді.

3.Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағыттау

2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек – мамыр айлары аралығында төмендегідей іс шаралар атқарылды .

Қазан айында Қазақ тілі ӘБ жетекшілері «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында оқушылардан эссе жазуды ұйымдастырды. «25 қазан - Республика күніне арналған «Қыран елім- Қазақстан!» тақырыбында өткізілетін іс -шараға жоспары жасалынды. 2-4 сыныптардан «Атамекен» тақырыбында диктанттар алынса, 5-11 сыныптар «Менің арманымдағы Қазақстан!» тақырыбында эссе алынды. Гимн, құттықтау сөз, флешмоб, челлендж, сынып сағаттар шеруі ұйымдастырылып өткізілді. Қараша айында тарих пәні бірлестік жетекшісінің ұйымдастыруымен «Роза Бағыланованың 100 жылдығы» деген тақырыпта 9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. «Дінмұхаммет Қонаевтың 110 жылдығы» атты тақырыпта мұғалімдермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Қаңтар айында «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында 9-10 сынып оқушыларына мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен фильм көрсетілді. «Ұлттық тәрбие- құндылық бастауы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Наурыз айында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында Қош келдің,Әз Наурыз!» атты наурыз мерекесіне арналған апталық ұйымдастырылып өтті.

Сәуір айында «Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы» тақырыбында ұлттық салт-дәстүр сайысы өткізілді. «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» атты сәндік – қолданбалы өнерінен көрме ұйымдастырылды.

4.Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдерін арттыру.

Қыркүйек айында «Отбасы-мектеп» жобасы аясында Отбасы күніне арналған «Отбасы мәдениеті», «Отбасы бар екендігі қаншалықты жақсы» ата аналармен бірлескен тәрбие сағаты 5-8 сыныптар арасында өткізілді. «Отбасы-мектеп» жобасы аясында психологтардың қатысуымен ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізілді. Қазан айында отбасындағы татулықты дәріптеу мақсатында 1-11 сыныптар арасында «Отан отбасынан басталады» атты сынып сағаттары өткізілді. Қараша айында «Әкем, анам және мен» тақырыбында мектеп психологы Қарабаева Айнұрдың ұйымдастыруымен тренинг өтті. «Дені сау отбасы – заман талабы» тақырыбында мектеп медбикесі А. Алимханова оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында «Отбасым бақыт мекенім»

атты тақырыпта А.Сарсенбиеваның ұйымдастыруымен 5 сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел өткізілді. Наурыз айында 1-11 сыныптар арасында «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» атты тақырыпта бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Сәуір айында «Біз бақытты жанұя» атты тақырыпта 6-7 сыныптар арасында отбасылық сайыс өткізілді. Мамыр айында «Отбасы-мектеп» жобасы аясында 1-11 сыныптар арасында 15-мамыр отбасы күні мерекесіне тәрбие сағаттары өткізілді.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтарды қалыптастыру

Қазан айында «Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында 10-11 сыныптар арасында Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы тақырыбында экомәдениет өтті. 5,6,7 сыныптар арасында «Табиғатты аялайық» атты көрме байқауы өткізілді. 8-11 сыныптар арасында «Алтын күз» күзгі бал байқауы өтті. Байқауда жүлделі орынды 10 «А» сынып оқушылары Әлдебай Елнұр және Қонысбай Аяжан иеленді. Қараша айында «Әкем, анам және мен» тақырыбында мектеп психологы Қарабаева Айнұрдың ұйымдастыруымен тренинг өтті. «Дені сау отбасы – заман талабы» тақырыбында мектеп медбикесі А. Алимханова оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қаңтар айында 10 сыныптар арасында «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» атты тақырыпта сынып сағаттары өткізілді. Ақпан айында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 9-10 сыныптар арасында «Жарнама жасау өнері» атты тақырыпта байқау ұйымдастырылды. Наурыз айында Өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа басшы нені білуі және не істей алуы керек» тақырыбында оқушылардан сыр сұхбат алды. Наурыз-сәуір айында «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында Көктемгі көгеріштендіру, көріктендіру және санитарлық тазалық айлығы ұйымдастырылып өткізілді.

6. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыру.

Қыркүйек айында ҚР тілдері күні мерекесіне орай апталық ұйымдастырылып өтті. Желтоқсана айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Дулат Исабековтың туғанына - 80 жыл іс-шара өткізілді. Қаңтар айында мектеп кітапханашының ұйымдастыруымен «TEDx» жобасының жұмыстары өткізілді. Э.Бесбаеваның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Сұлтан Байбарыстың 800 жылдығына дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан айында мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен

«Бейбітшілік қалаймыз» акциясын өткізді. Наурыз айы «Мәңгілік Ел –тарих, мәдениет және тіл орталығы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

7. Зияткерлік тәрбие

Мақсаты: Білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастыру.

Қыркүйек айында «Дебат» қозғалысы бойынша Патриоттық, адамгершілік, қайырымдылық» тақырыбында дебат өтті. Қазан айында «Дебат» қозғалысы Интернеттің пайдасы мен зияны тақырыбында пікір сайыс ұйымдастырылып өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М. Әуезовтың 125 жылдығына орай «Әлем таныған - Әуезов» тақырыбында іс- шара өтті. Іс- шараға Жамбыл облыстық педагогикалық «Білім шырағы» газетінің редакторы Райхан Илиясқызы қонақта болды. Қараша айында «Заманға сай адам. Ол кім?» тақырыпта 9-10 сыныптармен пікірсайыс өткізілді. Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өңірге танымал ақын-жазушымен кездесу өткізілді. Желтоқсан айында «Тәуелсіздікті алғаннан сақтап қалу қиын» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Ақпан айында «Жыр әлемнің жауһары» «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кездесу өткізілді. «Инабатты ару-2022» байқауы Қыз жібек клубының жетекшілігімен 9-10 сыныптар арасында өткізілді. Наурыз айында Т.Садықбековтың ұйымдастырумен 9-10 сыныптар арасында «Осы заманғы жастар түсінігіндегі құндылықтар» «Ұшқыр ой алаңы» - дебаттық тақырыбында пікірталас алаңы өтті.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастыру

Қыркүйек айында «Денсаулық жобасы» аясында медбике А.Алимхан түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатындағы іс-шаралар түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазан айының 10-15 жұлдызы аралығында мектеп директордың №215 бұйрығына сәйкес мектептің 4,7,9,11 сыныптардағы президенттік сынамалар алынып әр сынып журналына оқушылардың сынама кезінде көрсеткен көрсеткіштері жазылды. Коронавирус инфекциясынан сақтану жолдары тақырыбында мектеп медбикесі оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қараша айында «Туберкулез жұқпалы ауру» тақырыбында оқушылар арасында диктант алынды.Зиянды заттардан сақтан! Оқушылар арасында челендж ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Жат әрекеттен сақтан» оқушылар арасында салауатты өмірге насихат жұмыстары жүргізілді. 5-7 сыныптар арасында «Толағай» отбасылық сайыс өткізілді.Осы өткізілген іс-шаралар барысында денсаулығы мықты жасөспірімдер еліміздің, ұлтымыздың болашағы екені туралы айтылып, жат қылықтан аулақ болып өсу, елдің ертеңгі болашағы

жасөспірімдер қолында екені айтылды. Қаңтар айында мектеп медбикесімен «Бала бойы уланбасын» арнайы маман дәрігерлермен кездесу өткізді. Ақпан айында Оқушылар арасында «Жат әрекеттен сақтан!» сынып сағаттары өткізілді. «Дұрыс тамақтану- болашақ ұлт» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Мамыр айында «Денсаулық жобасы» аясында Сенің денсаулығың өз қолыңда тақырыбында денешынықтыру пәні мұғалімдері спорттық жарыс ұйымдастырды.

Норкологиялық бекет жұмысы

Қыркүйек айында наркобекет құрамы бекітіліп, жоспары жасалынды. Жоспарға сай қыркүйек айында денсаулық күніне орай оқушылармен «Спорт денсаулық кепілі» тақырыбында балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазан айында мектеп психологы А. Қарабаева 5-11 сынып оқушылар арасында насыбай, темекіге бейім оқушыларды анықтау мақсатында (анонимді) сауланама жүргізді. Қараша айында 9-11 сыныптар аралығында «Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» бойынша ІІБ қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып отырды. 8-10 сыныптар аралығында Нашәқор ғасыр дерті тақырыбында мектеп психологы оқушыларға баяндама оқыды. 4-5 сыныптар аралығында мектеп медбикесі «Дені саудың-жаны сау» тақырыбында оқушыларға әңгіме кеңес жүргізіп отырады. Желтоқсан айында 7 сынып оқушылары арасында «Темекі зиянды дерт» тақырыбында эссе алынды. 8-11 сыныптар аралығында ЖҚТБ қорғау жұмысы бойынша мектеп психологы сауланама алынды.

Мемлекеттік Рәміздердің насихатталуы

Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп - лицейі бойынша 2022 – 2023 оқу жылында Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бойынша жоспар құрылып Аудандық білім бөлімінің басшысы Майра Базаровамен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. ҚР СТ 989 – 2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының» жаңа стандартына сәйкес мекемедегі сынып бөлмелеріндегі стенділер ауыстырылып жойылды. Ұлттық стандартқа сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою жөніндегі комиссия Елтаңбаларды ұсақтап бөлу арқылы және сынып бөлмелерінен шыққан стенділерді өртеу арқылы жойып істеген өздерінің іс – әрекеттеріне кесім жасалынды. Мектеп ғимаратындағы барлық рәміздер ереже негізінде ауыстырылды. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды: Қыркүйек айында 1 – 11 сыныптардан «Тәуелсіздік белгілері рәміздері» тақырыбында сауалнама алынып нәтижесі шығарылды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың рәміздер туралы білімдерінің жақсы деңгейде екенін көрсетті. Себебі,

сауалнамада рәміздердің шығу тарихы мен Елтаңба, Әнұран, мемлекеттік Тудың авторлары туралы сұрақтардан құралған. Мектеп кітапханасында «Рәміздерім - мақтанышым» тақырыбында мемлекеттік рәміздерді насихаттау бұрышы ұйымдастырылған. 1 – 11 сыныптарда аптаның дүйсенбі күні «Мемлекеттік рәміздер – егемендігіміздің белгісі» тақырыбында саяси сабақтар күнделікті өтіліп тұрады.

2022 жылдың желтоқсан айында сырттың тұғырындағы тұрған мемлекеттік ту ауа райының әсерінен бүлінгенін байқап, дер кезінде ауыстырылды және ауысқан туды жарамсыз деп танып, өрттеп жойғаны туралы акт толтырылып, комиссия мүшелері қол қойды. Қазан айында «Бұл- біздің Ту, Бұл- біздің Әнұран, Бұл- біздің Елтаңба!» тақырыбында 5 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді. Музыка пәні мұғалімі Т. Жанділданың ұйымдастыруымен 30 қараша күні 5-7 сыныптар арасында «Шарықта, шырқа көкте, көк байрағым!» атты патриоттық әндер байқауы өтті. Желтоқсан айында 1-11 сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» атты тақырыпта бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Қаңтар айында 9 сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздер- кемел келешектің кепілі» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан айында 1-11 сыныптарда «Егеменді еліміздің көк туы желбіреген» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айында көріктендіру, көгеріштендіру, санитарлық тазалық айлығын өткізу жұмыстары жүргізілді. Мектебіміздің кіші қызметкерлері мектебіміздің айналасындағы орнатылған ағаштарды сырлап және тазалық жұмыстарына басты назар аударса Ата – аналарымыздың демеушілігімен «Менің атаулы ағашым» акциясы ұйымдастырылып 16 шырша ағашы және 15 жеміс ағашы отырғызылды.

Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп - лицейінің 5-11 сынып оқушыларының жылдық қорытындысы бойынша тәрбиелік деңгейі.
2022 -2023 оқу жылы

Сынып	Сыныпжетекші	Сабаққа қатысу	Жалпы тәртібі	Сынып сағатының өтілуі	Сыныпбөлмесінің тазалығы	Мектеп формасы	3-сабақтан кейінгі тазалақ	Күнделіктер жағдайы	Жалпы
5 А		4	5	4	5	5	5	5	33
5 Ә		5	5	4	4	5	5	5	32
5 Б		4	5	5	5	5	5	4	32

5 В		4	3	4	5	5	4	4	29
5 Г		4	3	4	4	4	4	4	27
5 Д		4	4	4	5	5	4	4	30
6 А		4	4	4	5	5	5	4	31
6 Ә		5	5	4	5	5	5	4	33
6 Б		3	4	4	5	5	5	4	30
6 В		3	4	4	5	5	5	4	30
6 Г		4	5	4	5	5	5	4	32
6 Д		4	4	4	5	5	5	3	30
7 А		5	5	4	5	5	5	4	34
7 Ә		4	4	4	5	5	5	4	31
7 Б		4	4	4	5	4	4	4	29
7 В		5	5	4	5	5	5	5	34
									Үздік Сын ып жетек ші
7 Г		4	4	4	4	4	3	4	27
8 А		4	4	4	5	5	5	4	31
8 Ә		3	4	4	5	5	5	4	30
8 Б		3	4	4	5	5	5	4	30
8 В		3	4	4	5	5	5	4	30
8 Г		3	4	4	4	5	5	4	29
									Үздік сыны п
8 Д		3	4	4	5	5	5	4	30
9 А		3	4	4	4	5	5	4	29
9Ә		5	4	5	5	4	4	4	31

9 Б		4	5	4	4	5	5	4	31
9 В		5	5	5	5	5	5	5	35
9 Г		4	5	4	5	5	5	4	32
9 Д		5	5	4	5	5	5	4	33
10 А		5	5	5	5	5	5	4	31 Үздік сынып
10 Б		3	4	4	5	5	4	4	29
10 В		4	5	5	5	4	5	5	33 Үздік Сын ып жетек ші
11 А		4	5	5	5	4	5	4	31
11 Б		5	4	5	4	4	5	4	30
11 В		4	4	4	5	4	5	4	29

№	Оқушының аты - жөні	Сын	Мазмұны	Аудан	Облыс	Респу-блика	Халық-аралық
1	Алимулова Елдана	8 «А»	Құлан жұлдызы 2023 ж	1- орын			
2	Алимулова Елдана	8 «А»	Инабатты Ару-2023 ж	3- орын			
3	Алимулова Елдана	8 «А»	Жаңа есім-2023ж обл. жобасына қатысқаны үшін		Алғыс хат		
4	Алимулова Елдана	8 «А»	Жас музыканттардың -56 шы обл. фестиваль аудан кезеңі	2-орын			
5	Алимулова Елдана	8 «А»	«Ғажайыпқа толы жаңа жыл» іс-шара	Алғыс хат			
6	Алимулова Елдана	8 «А»	«Жаңа есім-2023» облыс жобасының «вокал» бойын - ша өткендігін растайтын		Сертификат		
7	Алимулова Елдана	8 «А»	Жас Ұланның-Жұлдызы	2-орын			
8	Алимулова Елдана	8 «А»	«Жаңа есім-2023» облыстық жобасына қатысып өнер көрсеткені үшін		Алғыс хат		
9	Әуесбек Дархан	11	Ұлы өнертапқыш алғашқы қадам		2 орын		
10	Олжабек Балсезім	9 «Г»	Қазақстан-менің Отаным!	3 орын			
11	Құралбек Гүлім	8	Адал Еңбек көрінісі	2 орын			
	Құралбек Гүлім	8	Адал Еңбек көрінісі		3 орын		
12	Құралбек Гүлім	8	Менің Отаным-Қазақстан	Алғыс хат			
13	Қияс Алина	8	М.Әуезов «Көксерек»	Алғыс хат			
14	Жақып Балнұр	8	85 жыл. Тау тұлғалы Тұрар	2 орын			
15	Жолдыбай Ақерке		«Шуақты көктем» онлайн сайыс колөнер туындысына			1-дәреже диплом	
16	Жақай Мариям	9 «Г»	Сән толқыны		1 орын		
17	Қылышбек Асылай		Армысың Әз Наурыз!	3 орын			
18	Бірімжар Мадина		Армысың Әз Наурыз!	1 орын			
19	Әсенбек Каусар		Аналар-асыл жандар	3 орын			
20	Варазали Нұрайым		Құлан жұлдызы-2023ж	Бас жүлде			
21	Нұрғазы Мерей		«Қ. Қасеновтың ерліктеріне үздік композициялық иллюстрация»	3 орын			
22	Бірімжар Мадина		Ұлы Жеңістің ерліктері ұмытылмайды атты сурет байқауы	1 орын	өтті		
23	Жақыб Балнұр		Ұлы Жеңістің ерліктері ұмытылмайды атты сурет байқауы	2 орын	өтті		

2022-2023 оқу жылындағы көркем еңбек, музыка пәні бойынша оқушылардың ауданнан келген хаттар бойынша жетістіктері.

Ауандық оқушылар арасында өткен байқаулардың нәтижесі мынандай Мұқтар Әуезовтың « Көксерек» шығармасы бойынша аудандық жас суретшілер байқауға қатысып Қияс Алина алғыс хатпен марапатталды жетекші- Г.Ахатаева . Тұрар Рысқұлов ауданының 85 жылдығына орай «Тау тұлғалы Тұрар» тақырыбындағы сурет байқауына Жақып Балнұр 2 орын иеленді жетекшісі – Г.Сейтімбетова. Армысың Әз Наурыз! атты аудандық ұлттық сәндік- қолданбалы көрме байқауына Қылышбек Асылай 3 орын иеленді жетекшісі- Ұ.Бәкірқызы. Бірімжар Мадина 2 орын иеленді жетекшісі- Л.Мусаева. Аудандық «Жас

Ұланның –Жұлдызы!» патриоттық ән байқауына Алимкулова Елдана қатысып 2 орынмен марапатталды жетекшісі- Т. Жанділда. Аудандық «Аналар – асыл жандар» атты ән байқауына Эсенбек Каусар 2 орын иеленді жетекшісі - Г.Батракова. «Адал еңбек көрінісі» атты сурет байқауына қатысып Құралбек Гүлім 2 орынмен марапатталды, жетекшісі- Г.Ахатаева. 25 қазан Республика күніне орай «Менің Отаным - Қазақстан» атты аудандық жас суретшілер байқауынан Құралбек Гүлім «Алғыс хат» иеленді. Жетекшісі – Г. Ахатаева. Шығармашыл жастардың «Жаңа есім-2023» жобасының аудандық іріктеуіне қатысқаны үшін Елдана Алимкулова «Алғыс хатпен» марапатталды, жетекшісі Т.Жанділда. «Ұлы Жеңіс ерліктері ұмытылмайды» атты аудандық сурет байқауынан Бірімжар Мадина 1 орын иеленді. Жетекшісі –Л.Мусаева осы байқаудан Жақыб Балнұр 2 орын иеленді, жетекшісі –Г.Сейтімбетова осы қатысқан оқушылар екінші кезеңі облысқа еңбектері өтті нәтижесі күтілуде. "Қ.Қасеновтың ерліктеріне үздік композициялық иллюстрация» атты сурет байқауына Нұрғазы Мерей қатысып 3 орын иеленді, жетекшісі- Л.Мусаева .

Облыстық оқушылардың жетістіктері.

Облыстық инновациялық идеялар байқауының «Компьютерлік және 3 D модельдеу» номинациясы бойынша Әуесбек Дархан 2 орын иеленіп марапатталды, жетекшісі- А.Еркимбекова. Облыстық «Адал еңбек көрінісі» байқауының жеңімпазы Құралбек Гүлім 3 дәрежелі Дипломмен марапатталды, жетекшісі - Г.Ахатаева. Облыстық «Сән толқыны» тақырыбындағы жас дизайнерлер байқауының «Ұлттық киім» номинациясы бойынша Жақай Мариям 1 орынмен марапатталды -жетекшісі Ұ.Бәкірқызы.

Облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен өткен шығармашыл жастардың «Жаңа есім- 2023» облыстық жобасына өнер көрсеткені үшін «Алғыс хат» берілді, жетекшісі - Т.Жанділда. Шығармашыл жастардың «Жаңа есім-2023» облыстық жобасының «Вокал» номинациясы бойынша облыстық іріктеу кезеңіне өткендігіне «Сертификат» берілді, жетекшісі- Т.Жанділда.

**Тұрар Рысқұлов мектеп – лицейіндегі Мерекелік күндер мен атаулы
даталар және әр түрлі іс шаралардың әлуеметтік желілерге
жарияланғандығы туралы мәліметтер**

М. Әлімбаевтың 100 жылдығына орай «Оқуға күштар мектеп»	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ. Мыкышова	2023.03.03		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2022535784615221/?ref=share&mbextid=NnVzG8
«Еркін ел ұрпағы» тақырыбында жалпыұлттық патриоттық диктант	қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі	2023.2.10		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2059801730888626/?ref=share&mbextid=NSMWBT
"Ауғанның асуында от кешкендер" атты кездесу	А.Ә.Д. Д.Сыдықов	2023.2.13.		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2009879592547507/?ref=share&mbextid=NSMWBT
Дене шынықтыру пәнін оқытудың ерешіліктері атты аудандық семинар	Дене шынықтыру пән мұғалімдері	2023.4.20		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2054975048037961/?ref=share&mbextid=NnVzG8
«Менің атаулы ағашым» акциясы.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.С.Мыкышова	2023.4.10		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2045867918948674/?ref=share&mbextid=NSMWBT

«Екі жұлдыз» байқауы	Мектеп тәлімгері Б.Берікова	2023.2.14		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2052328348302631/?ref=share&mbextid=NSMWBT
-------------------------	---------------------------------------	-----------	--	---

«Әз Наурыз» мерекесі	Мектеп тәлімгері Б.Берікова	2023.2.20		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2033530720182394/?ref=share&mbextid=NSMWBT
«Бірлігіміз жарасқан» атты ұлттар сайысы	Мектеп тәлімгері Б.Берікова	2023.5.06		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2060073130861486/?ref=share&mbextid=NSMWBT
7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.С.Мыкышова	2023.5.06		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2061083570760442/?ref=share&mbextid=NSMWBT
Ұлы жеңістің 78 толуына орай «Сапта жүріп» ән айту сайысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.С.Мыкышова	2023.5.10		https://www.facebook.com/groups/740532699482209/permalink/2060760790792720/?ref=share&mbextid=NSMWBT